

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

**А. Б. Токшилыкованың диссертациялық жұмысына:
«Мидың жедел тамырлық және жарақаттық зақымданулары бар
науқастарда екіншілік зақымдануларды болжау және алдын алу»,
6D110100 Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған**

Токшилыкова Айнур Бисенбаевна 2007 жылы М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Медицина Университетін бітірген. Резидентурада оқуын аяқтағаннан кейін "Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті" КЕАҚ Анестезиология және реаниматология кафедрасында 6d110100-Медицина мамандығы бойынша докторантурада өзінің ғылыми - педагогикалық дайындығын жалғастырды, оны аяқтағаннан кейін кафедрада ассистент болып жұмыс істейді. Педагогикалық қызметтен басқа Облыстық Инсульт орталығының Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінде, Ақтөбе қаласының Жедел медициналық жәрдем ауруханасында, мидың жедел патологиясы бар науқастарды жүргізетін және емдеумен айналысатын көпбейінді Ақтөбе медициналық орталығында үлкен жұмыс тәжірибесі бар.

Токшилыкова А. Б. диссертациялық жұмысы нейрореаниматология саласындағы өзекті мәселелердің біріне, атап айтқанда, жедел церебральды жарақаттар мен инсульттары бар науқастарда мидың екіншілік зақымдануын диагностикалауда, болжауда және алдын-алуда жаңа клиникалық маңызды маркерлерді іздеуге арналған. Зерттеулер ғылыми зерттеулердің барлық қағидаттары мен стандарттары бойынша жүргізілді.

Докторант нейроиммунологиялық, клиникалық және биохимиялық зерттеу әдістерін, мидың газ алмасуы мен метаболизмінің терең мониторингін қолданды. Ол мидың югулярлық оксиметриясын жүргізудің инвазивтік және инвазивті емес әдістемелерін және қан газ анализаторымен жұмыс істейтін INVOS – 5100 аппаратында игерді.

Докторант өзінің ғылыми еңбегінде алғаш рет мидың жедел қан тамырлары және жарақаттық зақымданулары бар науқастарда аурудың нәтижесін болжау моделін әзірледі және енгізді, оған ол өнертабысқа өтінім ресімдеді. Токшилыкова А. Б. жүргізген зерттеу нәтижесінде екіншілік церебральды зақымдануды болжау критерийлері нейромаркерлердің жоғары сезімталдық деңгейі мен арнамалылығы – S100B, NSE, ми қыртысында оттегінің "жеткізу/ тұтыну" қатынасы түріндегі церебральды газ алмасу көрсеткіштері, орташа қан қысымы және лактат және глюкоза сияқты ми метаболизмінің маркерлері болып табылатыны анықталды және ғылыми

дәлелденді. Бұл жұмыстың бірегейлігі мидың ауыр екіншілік зақымдануларының көрсеткіштерін анықтауға және мидың жедел травматикалық және тамырлы зақымдануы бар науқастарда олардың алдын-алуды уақтылы жүргізуге мүмкіндік беретін жеке болжамдық модельдің дамуы болды. Алынған зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы автордың авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәліктерді алуымен расталады.

Жалпы алғанда, докторанттың кешенді ғылыми зерттеулерінің нәтижелері тек ғылыми құндылыққа ғана ие емес, олар клиникалық практикада кеңінен қолданылады және нейрореаниматологияның өзекті мәселелерінің бірі – мидың жедел тамырлы және травматикалық ауруларының қайталама асқынуларын уақтылы диагностикалау, болжау және алдын-алуға бағытталған деп санаймын.

Диссертация сөзсіз ғылыми, практикалық, түпнұсқа және тәуелсіз зерттеу болып табылады. Зерттеудің статистикалық әдістерінің заманауи кешенімен расталған сенімді тұжырымдар жұмыстың жоғары ғылыми деңгейін анықтайды. Айнура Бисенбайқызы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, бұл оған жан-жақты әдеби шолу жүргізуге және зерттелетін ғылыми-практикалық проблема бойынша әдебиет көздерін еркін бағдарлауға, халықаралық басылымдарда жариялануға, халықаралық конгрестерде сөз сөйлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, Әзірбайжанның, Грузияның жетекші ғылыми орталықтары мен университеттерінде халықаралық тағылымдамалар мен шеберлік-сыныптарында өзінің клиникалық және ғылыми біліктілігін арттыруға мүмкіндік берді, Израильде ғылыми тағылымдамадан өтті (2017 жыл).

Токшилыкова А.Б. зерттеу жұмысын аяқтады, барлық қойылған міндеттерді орындады және қойылған мақсаттарға қол жеткізді. Диссертант алған нәтижелер 12 ғылыми баспа жұмысында көрсетілген, оның ішінде 2 – i - Web of Science және Scopus, Crossref ақпараттық базаларында жоғары квантиль және процентиль бар халықаралық рецензияланатын басылымдарда, 3-мақала-Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда. Айнура Бисенбайқызы өзінің зерттеу нәтижелерін бірнеше рет халықаралық конгрестер мен конференцияларда (5), оның ішінде Scopus базасында индекстелетіндерін (1) баяндап берді, авторлық құқық куәліктері (3) және ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру процесі мен клиникалық практикаға енгізу актілері алынды (3).

Токшилыкова Айнура Бисенбаевна анестезиология-реаниматология, медициналық статистика және дәлелді медицина негіздері бойынша жоғары теориялық және практикалық дайындығымен ерекшеленеді. Ғалым ретінде оның ол жоғары ғылыми әлеует пен табандылықты, жұмысты ұйымдастыру қабілетін сипаттайды, үлкен еңбекқорлығымен, адамдармен қарым-қатынасымен ерекшеленеді. Барлық осы қасиеттер оның ғылыми зерттеулерін сәтті аяқтауға негіз болды.

Осылайша, А.Б. Тоқшылықованың жұмысы: «Мидың жедел тамырлық және жарақаттық зақымданулары бар науқастарда екіншілік зақымдануларды болжау және алдын алу» 6D110100 Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық зерттеулерге қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді.

**Ғылыми кеңесші,
медицина ғылымдарының докторы,
профессор:**



Handwritten signature in blue ink.

Ж.Н.Саркулова

